

## Шымкент қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 52/444-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 тамызда № 56 болып тіркелді

Ескеरту. Шешімнің тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - Шымкент қаласы мәслихатының 27.12.2023 № 13/109-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-9-тармағына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 2-тармағына, "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 28.03.2025 № 25/227-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шымкент қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Шымкент қаласы бойынша филиалына жіберуді;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) ресми жарияланған кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

**Ескеरту. 2-тармақта орыс тілінде өзгерістер енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - Шымкент қаласы мәслихатының 27.12.2023 № 13/109-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.**

*Шымкент қаласы*

*мәслихаты сессиясының төрагасы*

*Д. Усенов*

*Шымкент қаласы*

*мәслихатының хатшысы*

*F. Ташқараев*

*Шымкент қаласы мәслихатының*

*2019 жылғы 17 шілдедегі*

*№ 52/444-6с шешімімен*

*бекітілген*

## **Шымкент қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 27.12.2023 № 13/109-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері:**

әлеуметтік көмек түрінде тұрғын үй сертификатының мөлшері қарыз сомасының 10%, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден артық емес мөлшерде айқындалсын.

әлеуметтік қолдау түрінде тұрғын үй сертификатының мөлшері қарыз сомасының 10%, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден артық емес мөлшерде айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 28.03.2025 № 25/227-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі:**

1) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

2) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

3) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

4) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бүрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

5) толық емес отбасылар;

6) Шымкент қаласының мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының жұмыскерлері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК